



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 14  
www.prokuror.gov.kz  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65

010000, город Астана, пр. Мәңгілік ел, 14  
www.prokuror.gov.kz  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8(7172) 30 18 65

20.06.2018 № 2-01-18-41859

23.05.2018 ж. №ДС-108

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары А.О. Қоңыров  
және басқаларына**

### Құрметті депутаттар!

Бас прокуратурамен Сіздің реконструкцияланатын «Астана-Павлодар» автожолының жекелеген жұмыс түрлерімен Ерейментау қ. тұрғындарының келіспейтіні туралы сауалдарыңыз уәкілетті органдардың ұстанымын сұрату арқылы қаралды.



**«Астана-Ерейментау-Шідерті» автожолының 172 км (177 км), сондай-ақ Кеңөткел кентінің аумағында көлік жол айырықтарын құруға қатысты.**

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 15-бабына сәйкес автомобиль жолдарын жобалау автомобиль жолдарының жоғары көліктік-пайдалану көрсеткіштеріне (жылдамдық, тегістік, ұзақ мерзімділік, автокөлік жүрісінің жоғары қауіпсіздік жағдайларына) жету мақсатында, белгіленген талаптар мен нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3.03-01-2013 «Автомобиль жолдары» құрылыс нормаларының 7.3.1-тармағына сәйкес әртүрлі деңгейлердегі жолдарды жобалау кезінде көлік жол айырықтарын құру қажеттілігі тиісті техникалық-экономикалық көрсеткіштермен расталуы тиіс.

3.03-09-2006 Құрылыс нормалары мен ережелерінің 6.4.1-тармағына сәйкес көлік жол айырықтарын кез келген санаттағы автомобиль жолдарының 1-санаттағы жолдармен қиылысқан (немесе жанасқан) жерлерінде қарастыру қажет.

Сонымен, автожол учаскесінің 172 км-де жобалау кезінде жол көлік айырығын салу қиылысатын (жанасатын) ұйымдастырылған жолдың жоқтығына байланысты орынсыз болған (ИДМ мәліметтері бойынша көлік жол айырығы құрылысының шамаланған бағасы 1,5 млрд. теңгені құрайды).



Баяндалған автомобиль жолдары туралы заңнамаға және құрылыс нормативтеріне қайшы келмейді.

Дегенмен Кеңөткел к. жақын орналасқан жол айырығы керісінше бұл критерийлерге сәйкес келеді, себебі IV техникалық санатындағы автожолмен қиылысады.

#### **Қорғағыш және жол ғимараттарына қатысты.**

Заңның 19-2-бабында автомобиль жолдарының жобалық шешімдері жүргізушілердің көзбен шолып бағдарлау шарттарын сақтауын, қосылатын жолдар мен қиылысатын жолдардың қауіпсіз орналасуын, автомобиль жолдарының, оның ішінде қорғағыш жол ғимараттарымен қажетті жайластырылуын және т.б. қамтамасыз етуге тиіс деп айқындалған.

Осы мақсатта 3.03-09-2006 Құрылыс нормалары мен ережелерінің 10.10-тармағына сәйкес бөлу жолағында бөлгіш тосқауыл қоршауы орнатылған, ол елді мекендерден тыс екі бағыттағы 4 қозғалыс жолағы бар жолдарға орнатылуға тиіс.

Ауылшаруашылығы техникасын өткізуге, мал айдауға, ауыл шаруашылығы мақсатында жүруге арналған ғимарат салу туралы шешім Өлеңті селолық округінің әкімдігі таңдап алған жерді есепке ала отырып қабылданған (шақырымның сәйкес келмеуі Ерейментау қаласының аумағындағы автожол учаскесін түзетуге негізделген), ол сондай-ақ 3.03-09-2006\* «Автомобиль жолдары» ҚНЖЕ-ге сәйкес су өткізуші ғимарат қызметін атқарады. Су тасқыны кезеңінде жол жүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін аталған ғимараттың екі жағынан 6 км және 7 км алшақ орналасқан балама малөткелдері қарастырылған.

#### **Бұлақ көзін зақымдауға қатысты.**

Инвестициялар және даму министрлігінің ақпараты бойынша 2013 жылдың мамырында жобалау компаниясының жол өтпесі учаскесіне жақын жерде инженерлік-геологиялық зерттеулер жүргізген кезде, 172 км (177 км) орналасқан құбырдың шығатын жерінен шыққан азғантай су мөлшерін қоспағанда, 3 м дейінгі тереңдікте жер асты сулары және бұлақ анықталмаған. Жақын арада арнаны тазалау бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда, бұл туралы Үкіметтің жауабында толық баяндалатын болады.

#### **Жол-көлік оқиғасына қатысты.**

«Астана-Ерейментау-Шідерті» автожолының 175 км-де ү.ж. 29 сәуірінде екі автомобильдің қақтығысы орын алып, соның нәтижесінде соңғысындағы жүргізушілердің бірі қаза болған. Кейін жол оқиғасының орын алу факторларының бірі жүк көлігі жүргізушісінің бөлшектенген бөлу қоршауы орналасқан жерден айналып өткісі келгені анықталды.

Қоршауды ұрлау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды, ол қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамның анықталмауына байланысты тоқтатылды.

Сондықтан Ақмола облысының прокуратурасымен қадағалау тәртібімен облыстың ПД-не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 200-бабының тәртібімен қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға мүмкіндік туғызатын мән-жайларды жою жөнінде ұсыну енгізу туралы нұсқау берілді.

Қазіргі кезде бөлу тосқауыл қоршауы қалпына келтірілді.

Орын. Б. Сүйіншілиев  
Тел. 71 29 90

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Конурову А.О. и другим**

**Уважаемые депутаты!**

Генеральной прокуратурой с истребованием позиций уполномоченных органов рассмотрен Ваш запрос о несогласии жителей г. Ерейментау с отдельными видами работ реконструируемой автодороги «Астана-Павлодар».

**Касательно устройства транспортных развязок на 172 км (177 км) автодороги «Астана-Ерейментау-Щидерты», а также в районе п. Кеноткел.**

Согласно статьи 15 Закона Республики Казахстан «Об автомобильных дорогах» (далее - Закон) проектирование автомобильных дорог осуществляются в соответствии с установленными требованиями и нормами с целью достижения высоких транспортно-эксплуатационных показателей автомобильных дорог (скорость, ровность, долговечность, повышенные условия безопасности движения автотранспорта).

В соответствии с пунктом 7.3.1 Строительных норм 3.03-01-2013 «Автомобильные дороги» необходимость устройства транспортных развязок при проектировании дорог в разных уровнях должна быть подтверждена соответствующими технико-экономическими показателями.

Транспортные развязки согласно пункта 6.4.1 Строительных норм и правил 3.03-09-2006 надлежит предусматривать в местах пересечения (или примыкания) автомобильных дорог любой категории с дорогами 1-й категории.

Таким образом, строительство транспортной развязки на 172 км участка автодороги на момент проектирования было нецелесообразным ввиду отсутствия пересекающей (примыкающей) организованной дороги (по сведениям МИР ориентировочная стоимость строительства транспортной развязки составляет 1,5 млрд.тенге).

Изложенное не противоречит законодательству об автомобильных дорогах и строительным нормативам.

Вместе с тем развязка близ п. Кеноткел напротив соответствует данным критериям, поскольку пересекается с автодорогой IV технической категории.

**Касательно защитных и проездных сооружений.**

Статьей 19-2 Закона определено, что проектные решения автомобильных дорог должны обеспечивать соблюдение условий зрительного ориентирования водителей, безопасное расположение примыканий и пересечений, необходимое обустройство автомобильных дорог, в том числе защитными дорожными сооружениями и др.

В этих целях на разделительной полосе установлено разделительное барьерное ограждение в соответствии с пунктом 10.10 Строительных норм и правил

3.03-09-2006, которое должно устанавливаться на дорогах вне населенных пунктов с 4-мя полосами движения в обоих направлениях.

Решение о строительстве сооружения для пропуска сельхозтехники, прогона скота, сельскохозяйственного проезда принято с учетом выбранной акиматом Улентинского сельского округа местности (несовпадение километража обусловлено спрямлением участка автодороги в районе г. Ерейментау), которое также служит водопропускным сооружением в соответствии со СНиП-ом 3.03-09-2006\* «Автомобильные дороги». Для обеспечения условий проезда в паводковый период имеются альтернативные скотопрогоны, расположенные на удалении 6 км и 7 км по обе стороны указанного сооружения.

#### **Касательно повреждения родникового источника.**

По информации Министерства по инвестициям и развитию при проведении инженерно-геологических изысканий в мае 2013 года проектной компанией вблизи участка устройства путепровода на глубине до 3 м грунтовые воды и родник не выявлены, за исключением незначительного количества воды на выходе существующей трубы на 172 км (177 км). В ближайшее время планируется провести работы по расчистке русла, о чем будет подробно изложено в ответе Правительства.

#### **Касательно дорожно-транспортного происшествия.**

На 175 км автотрассы «Астана-Ерейментау-Шидерты» 29 апреля т.г. произошло столкновение двух автомобилей, в результате чего один из водителей последнего погиб. Как установлено позже, одним из факторов дорожного происшествия явилось желание водителя грузовой машины развернуться на месте демонтированного разделительного ограждения.

По факту кражи ограждения начато досудебное расследование, которое прервано за неустановлением лица, совершившего уголовное правонарушение.

В этой связи прокуратурой Акмолинской области в порядке надзора ДВД области дано указание о внесении в порядке статьи 200 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан представления по устранению обстоятельств, способствовавших совершению уголовного правонарушения.

В настоящее время разделительное барьерное ограждение восстановлено.

**Заместитель  
Генерального Прокурора  
Республики Казахстан**

**А. Лукин**

Исп. Суюнчалиев Б.  
Тел. 71-29-90